

Бекітемін
ЖШС «Айсана» жекеменшік
 балабақшасының ментерушісі :
 Кырманшина Д.С.



ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы : ЖШС «Айсана» жекеменшік балабақшасы

Топ: « **Балапан** » кіші жас

Балалардың жасы: 2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 11.09.2023ж.- 15.09.2023ж

Педагогтың аты-жөні : **Сергазина А.М.**

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әңгімелесу: "Балалардың балабақшаға үйренісуінің ерекшеліктері", "2-3 жасар балалардың жас ерекшеліктері".				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары,	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында тұрған	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде тамшылаған суды	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында тұрған	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы

<p>бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>ойыншықтарға көңіл аудару, мысық ойыншығын атауға ынталандыру, қолға ұстату, сипату, шығаратын дыбыстарға көңіл аудару. (еңбек дағдылары)</p>	<p>үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сұртуді көрсету; тазалық сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру. (еңбек дағдылары)</p>	<p>сұртуді көрсету, тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру. (еңбек дағдылары)</p>	<p>ойыншықтарға көңіл аудару, мысық ойыншығын атауға ынталандыру, қолға ұстату, сипату, шығаратын дыбыстарға көңіл аудару. (еңбек дағдылары)</p>	<p>өсімдіктерге көңіл аудару, топырақтың құрғақ болғанына көңіл аудару, фикусті сукқұйғышпен суаруды көрсету. (еңбек дағдылары)</p>
	<p>Мысық ойыншығымен ойнату. Мақсат-міндеттері. Балаларға көркемсөзді тыңдап, мысықтың қылықтарын байқауды, педагогтің қимылдарына еліктеуді үйрету, мазмұнындағы оқиғаларға эмоционалды жауап беруге баулу. М. Әлімбаев "Жолға отырма".</p>	<p>Әтеш ойыншығымен ойнату. Мақсат-міндеттері. Балаларға көркемсөзді тыңдап, әтештің қылықтарын байқап, педагогтің қимылдарына еліктеуді үйрету, мазмұнындағы оқиғаларға эмоционалды жауап беруге баулу. Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев "Әтеш" (орыс халқының</p>	<p>Саусақ жаттығуы. "Мөлдір су". Мақсат-міндеттері. Балаларды көркемсөз арқылы жуыну тәртібіне баулу; педагогтің қимылдарының соңынан жасаған қимылдар мен айтылған сөздерден жағымды эмоцияларды алуға ынталандыру. Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев "Мөлдір су" (орыс тілінен</p>	<p>Мысық ойыншығымен ойнату. Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымында көркемсөз арқылы мысықтың сыртқы сипаты мен қылықтары жөнінде ұғымдарды қалыптастыру; мәнерлеп қайталауға, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру. Х. Ерғалиев, М.</p>	<p>Саусақ жаттығуы. "Жаңбыр жауса - тұрмайық". Мақсат-міндеттері. Балаларды педагогтің қимылдарының соңынан саусақтармен қимылдар жасауды, жаңбырдың сипатын қабылдауға ынталандыру. Жаңбыр жауса – тұрмайық, (саусақтармен үстелге соққылау, сұқ саусақпен</p>

	<p>Мияу, мияу, Кет, пырыш! Жолға отырма Тым-тырыс. Біздің бөпеш Жүгірер Жолда саған сүрінер. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>тақпағы). Тұлымшағы үлпілдек, Жібек сақал желпілдек, Әтеш, әтеш айбарлы, Әдемі алтын айдарлы, Неге ерте тұрасың? Кеңірдегің созасың? Балалардың кішкентай Неге ұйқысын бұзасың? (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>аударма). Мөлдір су, мөлдір су! Сен менің бетім жу. Отты көзім ойнасын, екі бетім жайнасын. Күлкі кетпей ернімнен, Тісім тастан таймасын! (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Әлімбаев "Біздің Мияу" (орыс тілінен аударма). Біздің мияу, Тоны қандай тамаша! таң қаласың, Талдап мұртын тараса. Көзі шақпақ, Тісі аппақ. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>бұлғау) Қолға шатыр алайық (шапалақтау) Там-там – соқса тамшылар, (саусақтармен үстелге соққылау) Жамылып, отырайық (алақандарымен бастарының төбесін жабу). Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту, сенсорика)</p>
Таңертеңгі жаттығу	<p>Жаттығулар кешені.</p> <p>1. "Қасқыр мен лақ" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол белде. Еңкейіп қолды оңға-солға созамыз. Бастапқы қалыпқа келеміз. Демді ішке тартамыз. Қолымызды жанымызға созып түсіреміз. Демді шығарамыз. Отырып тұрамыз. Екі аяқтап секіреміз. (3 рет қайталау)</p> <p>2. "Көңілді аяқтар" Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол белде. Бір дегенде орнымызда тұрып секіреміз. Екі дегенде бір орында жүреміз. Бір ... (балалар орындарында тұрып секіреді) Екі ... (балалар орындарында жүреді) (3 рет қайталау) (дене шынықтыру)</p>				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар				

	<p>Балалардың тамақтануға тұрақты қызығушылығын қалыптастыру. Ақтөс пен Марғау өзара жарысты: Жеп алды табақшадағы бір уысты. Ал бізде кімге қасықты ұстау жарасады? Кім қалдырмай тамағын тауысады? Д. Ахметова (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетке жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. Аспанымызға "Сәлем!" айтамыз, Алтын күнге "Сәлем!" айтамыз. Балалар, біз де гүлдей болайық, Күнге қолдарымызды созайық. Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту)</p>				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<p>Дене шынықтыру "Шеңберге тұрайық". Мақсат-міндеттері. Балаларға шеңберге дұрыс тұруды үйрету; дене жаттығуларын дұрыс жасай білуге машықтау; шеңберге тұру техникасы туралы мағлұмат беру; ептілік</p>	<p>Музыка. "Асыл әжем". Мақсат-міндеттері. Балалардың әже туралы әнді тыңдау және есте сақтау қабілетін қалыптастыру; музыканы сипатына қарай ажыратуды үйрету; музыка мен қимылды үйлестіре</p>	<p>Дене шынықтыру. "Аюмен бірге шеңберге тұрайық". Мақсат-міндеттері. Балалардың шеңберге дұрыс тұру іскерліктерін жетілдіру; дене жаттығуларын дұрыс жасай білуге машықтау; ептілік дағдылары мен</p>	<p>Дене шынықтыру. "Қояндармен бірге жүгіру". Мақсат-міндеттері. Балаларға шеңбер бойымен жылдам жүгіруді үйрету; шеңбердің пайда болуы үшін жасалатын қимыл түрлерін пысықтау; үлкен шеңбер жасау</p>	<p>Жапсырудан ойын-жаттығу "Доппен ойнаған мысық". Мақсат-міндеттері. Балаларды жапсыруға қажетті құралдар және жапсыру тәсілдерімен таныстыра отырып, желімделген домалақ</p>

	дағдылары мен эмоциялық көңіл күйді дамыта отырып, шеңберге тұру арқылы балаларды дербестік пен жылдамдық іскерліктерін жетілдіру; шеңберге тұру және жаттығуларды жасағанда достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу; қимылды дұрыс қайталауды үйрету. "Жапалақ" ойыны. Мақсат-міндеттері. Ереже бойынша ойын ойнауды үйрету. Қимыл жылдамдығын дамыту. (дене шынықтыру)	білу дағдыларын жетілдіру; отбасы мүшелері туралы білімдерін толықтыру; балалардың музыканы тыңдау кезінде зейін мен еске сақтау және қабылдау қабілеттерін дамыту. "Бәйтерек" ойыны. Мақсат-міндеттері. Отбасы мүшелерінің суреттерін бәйтерекке біріктіруді үйрету. (музыка, сөйлеуді дамыту)	эмоциялық көңіл күйді дамыту; шеңберге тұру арқылы балаларды дербестік пен жылдамдық іскерліктерін жетілдіру; шеңберге тұру және жаттығуларды жасау кезінде достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу; қимылды дұрыс қайталауды үйрету. "Досымызбен жарасайық" ойыны. Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша әртүрлі қимылдарды жасауды үйрету. Еске сақтау, зейінді дамыту. (дене шынықтыру)	барысында алған түсініктерін қимыл арқылы көрсетуді үйрету. "Қоян қалай жүгіреді?" тәжірибе жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Жылдам жүгіруді үйрету. (дене шынықтыру)	пішінді бейнені жапсыруды, ажырап кетпеуі үшін оны сүлгімен басуды үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, түс пен пішінді қабылдауды, танымы мен зейінін дамыту; балаларды шығармашылық еңбекке, мәдени қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу. <i>"Допты түсіріп алма" ойыны.</i> Мақсат-міндеттері. Допты түсіріп алмай, қолдан-қолға беруді үйрету. (дене шынықтыру)
2- таңғы ас	Тағамның атауын еске сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!"				
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету.				
Серуен	Күнді бақылау.	Аспанды бақылау.	Сұхбатхананы	Қоян ойыншығын	Бұлтты аспанды

	<p>(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру) Балаларға күннің аспанда жарқырап, барлық жерге жарық сыйлайтынын түсіндіру; балалардың жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін дамыту. Күн жарықты сыйлайды, Сәулелері көп, Бір аулаға сыймайды, Барлық жерге тиеді, Барлығына жетеді. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек</p>	<p>(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру) Балаларға аспанның жоғарыда шатырдай болғанын, түсін атап айта білу, аспанның таза немесе бұлтты болғанын байқау қабілеттерін бекіту; зейінін, түйсігін дамыту. Тап-таза, көгілдір алаң, Бұл жердің шатыры - аспан. Аспан - күннің мекені, Жұлдыздар мекені. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің</p>	<p>бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру) Балаларға сұхбатхана құрылысын көрсету, бұл ойынды көлеңкеде тұрып ойнауға болатынын түсіндіру; сұхбатхана учаскенің белгілі орны екені туралы тұрақты ұғымды қалыптастыру. Күннің көзі түспейді, Күлкі жүзден кетпейді. Көлеңке орын - сұхбатхана, Бұнда ойнаймыз біз ғана. - Балалар, бұл қай жер? - Иә, сұхбатхана. - Бұл жерде ыстықта салқын, күн суықта жылы болады, жел</p>	<p>бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру) Балалардың көңілін қоян ойыншығына аудару; қоянның ұзын құлағы, қимылдары туралы алғашқы ұғымдар беру, педагогке еліктеуге ынталандыру, жаттығудан жағымды әсер ала білу қабілетін қалыптастыру. Педагог қоян ойыншығын көрсетіп, оның сыртқы сипатын байқатады. - Балалар, біздің қонағымызды таныдыңдар ма? Бұл не? - Жарайсыңдар! Бұл</p>	<p>бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру) Балаларға бұлтты күн туралы ұғым беру, аспанның түсі көгілдір емес, сұр екенін байқату, аспандағы бұлттар сұр болса, жаңбыр жауатыны мүмкін екенін байқату. <i>Х. Ергалиев, М. Әлімбаев "Жауын".</i> Жауын, жауын! Жаума! Тын! Жас балаларды Жаураттың. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің</p>
--	---	---	--	--	--

	<p>әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.</p> <p>"Сары күнге ұқсап" қимылды жаттығуы.</p> <p>Балаларды айтылған сөздердің ырғағына сай қимылдауға, педагогтің көрсетуіне еліктеуді үйрету, жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін қалыптастыру.</p> <p>Сары күнге ұқ-сап (қол белде, басты оңға-солға шайқау), Біз жүреміз "сап-сап" (шапалақтау).</p> <p>Бұлт келсе қап-тап (жұдырықты кеуденің алдында айналдыру), Жаңбыр жауар "там-там" (алақанды саусақпен соғу).</p>	<p>үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.</p> <p>"Саппен жүру жаттығуы".</p> <p>Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету.</p> <p>Педагог балаларды көркемсөзбен қимылдарға ынталандырады.</p> <p>Алдымызда ұзынша Жайылып тұр жолақша.</p> <p>Топ-топ етіп басайық,</p> <p>Қадам басып</p>	<p>мен жаңбыр өтпейді.</p> <p>Сұхбатханамыз қандай тамаша жер!</p> <p>Еңбекке баулу тапсырмалары:</p> <p>балаларды сұхбатхананы құрғақ жапырақтардан тазалауға шақыру.</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p> <p>"Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны.</p> <p>Балаларды белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруге жаттықтыру.</p> <p>Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді.</p> <p>Қоңырауым қайда?</p>	<p>қоян.</p> <p>- Қоянның ұзын құлақтары бар.</p> <p>Қоян құлықтарын былай қимылдайды.</p> <p>- Барлығымыз көрсетейікші.</p> <p>Жарайсыңдар!</p> <p>- Қараңдаршы, балалар, қоян қуанып қалды. Сендерді бірге ойнауға шақырады.</p> <p>Еңбекке баулу тапсырмалары:</p> <p>балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру.</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.</p> <p>"Бері шыға ғой,</p>	<p>үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.</p> <p>"Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны.</p> <p>Балалардың "күн" және "жаңбыр" белгі сөздер арқылы қимылдай білу қабілеттерін дамыту; жаңбыр құбылысы туралы білімдерін қалыптастыру.</p> <p>- Күн шықты - балалар ойнады.</p> <p>- Күн тығылды - жаңбыр жауды.</p> <p>"Аюдың орманында" қимылды жаттығу.</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балалардың бір-біріне қақтығысып қалмай, аяқтың арасын кең қойып,</p>
--	---	--	---	---	--

	<p>"Көлшіктен өт" қимылды жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</p>	<p>барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. Д. Ахметова "Масаны ұстап ал!" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың қозғалысты көзбен көру белгісімен үйлестіре алуын дамытып, балаларды сигнал бойынша бір орнында секіру дағдыларын қалыптастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</p>	<p>Сыңғырлайды сайда. Кім адаспай тауып алады, Қоңырырауды қолға алады. Балалар жасырылған қонырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлатады. Педагог келесі жолы қоңыраудың орнын ауыстырып қояды. "Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Екі аяқты қосып, алға секіруге жаттықтыру. Құм ойындары. Балаларға қалыптарды құммен толтыруды, оларды төңкеруді, шыққан торттарын безендіруді үйрету. Далаға алып шығатын материалмен</p>	<p>қоян!" қимылды ойыны. Балаларға шеңбер бойымен жүріп, барлығы топтасып, "Бері шыға ғой, қоян!" сөздерін айтып, көрсетілген қимылдарға еліктеу қабілеттерін жетілдіру. Педагог балалардың бірін "Қоян" атап, барлығымен бірге оны шақырады. Шақырылған қоян ортаға шығып, қимылдарды жасайды (педагог үлгіні көрсете алады), балалар қайталайды. Бері шыға ғой, қоян! Сұр құлақтармен ойна! Былай көрсет, Былай көрсет, Сұр құлақтармен</p>	<p>жүгіру дағдысын қалыптастыру. (қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)</p>
--	--	---	--	--	---

			ойындар. Мақсат-міндеттері. Барлығы тату ойнауға, ойыншықтарын бөлісуді үйрету. (қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)	ойна! "Ирелеңдеген жолдармен" ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Асфальт бетіне салынған (жерде жатқан арқан бойымен) ирелеңдеген сызықтардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауды үйрету. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)	
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылары)				
Күндізгі ұйқы	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйренеді.	"Екі дос" ертегісін жағымды үнмен айта отырып, балаларды ұйықтату. (көркем әдебиет)	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. Халық ауыз әдебиетіндегі "Әлди-	Әуенді тыңдату арқылы балаларды ұйықтауға жатқызу. (музыка)	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп

	Алтын сақа ертегісін оқып беру. (сөйлеуді дамыту)		әлди, ақ бөпем" бесік жырынан үзінді. Әлди-әлди, ақ бөпем, Ақ бесікке жат, бөпем! Астыңа терлік салайын, Үстіңе тоқым жабайын. (көркем сөз, көркем әдебиет)		(немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Аудио Қ. Абдильдинаның әні «Айым болып тудың ба» (музыка)
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	<p>Ауа ванналары. Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға қызықтыру. "Қолдарымыз қайда? Шығарайық алға. Жеңімізді түрейік, Жуынып көрейік. Су астына салайық, Уқалайық, сипалайық. Қандай тамаша! Қолдарымыз тап-таза. (дене шынықтыру)</p>				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,	Сурет салудан ойын-жаттығулар. "Әжемнің жіптері".	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығулар	Сенсорикадан ойын-жаттығулар. "Түрлі ойыншықтар"	Қоршаған ортамен танысудан ойын жаттығу	"Жануарлар қалай дыбыстайды?" атты мультфильмін

<p>үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Мақсат-міндеттері. Балаларды қылқаламмен таныстыру, оның сабын үш саусақпен ұстау, бояуға малу, белгіленген жерден бастап, түзу бағытта сызықтар қалдыруды үйрету; қылқаламның ұшына зер салып, қалдырған ізді тоқтаған жеріне дейін бақылап отыруға жаттықтыру; қылқаламды тіреушеге қайта қоюға дағдыландыру; педагогтің көрсеткен үлгісіне ойын арқылы еріп отыру және тазалық сақтау ережелеріне шақырып отыру. "Жіптерді жинайық" ойын рефлексиясы. Мақсат-міндеттері. Заттардың көлемін</p>	<p>"Ойыншықтар". Мақсат-міндеттері. Балаларға ойыншықтар туралы түсінік беру, олардың негізгі қасиеттерін педагогпен бірге атап, қимылдарды қайталауды үйрету. Ойыншық арқылы балалардың ой-өрісін кеңейту және еске сақтау қабілеті мен тілін дамыту. "Пирамида жинайық" жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Өз орнында бір ойыншықпен қызықты ойын ойнауды үйрету. "Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды әртүрлі ойыншықтар мен заттарды атауға</p>	<p>Мақсат-міндеттері. Балаларға біркелкі заттар мен геометриялық пішіндер жөнінде қарапайым түсінік беру, ортақ пішіні және көлеміне қарап біріктіруді үйрету; біріктіру не бөлу тапсырмаларын үлгіге немесе сөздік нұсқамаға сүйеніп, орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру; біркелкі пішіндердің бір-бірінен айырмашылығын ажыратуға дағдыландыру. Балалардың сенсорлық эталондарды қабылдап, оларды өзара ажырату білу мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ</p>	<p>"Саңырауқұлақ". Мақсат-міндеттері. Балаларға саңырауқұлақ туралы ұғым беру; жаңбырдың саңырауқұлақтың пайда болуы мен үлкен болып өсуіне жағымды әсері туралы түсінік беру; балалардың ойын барысында жаңбыр мен саңырауқұлақ туралы алған білімдерін жетілдіру. "Саңырауқұлақтарды жинайық" дамытушы жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Аталған заттарды ғана себетке жинауды үйрету. Ойын-имитация. "Қонжық". Мақсат-міндеттері. Балаларды қонжық ойыншығымен</p>	<p>көру. Мақсат-міндеттері. Бас кейіпкерлердің шығаратын дыбыстарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру. (сөйлеуді дамыту)</p>
---	--	--	---	---	--

	<p>ажыратуды, ортақ қасиеттеріне қарай топтастыруды үйрету. Зейін, еске сақтау, ойлау, сөйлеуді дамыту.</p> <p>"Қайсы үлкен, қайсы кішкентай?" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойыншықтардың арасынан үлкен және кішкентай ойыншықтарды (заттарды) ажыратып, екіге топтастыруға жаттықтыру; үлкен және кішкентай көлемдері туралы ұғымдарды қалыптастыру.</p> <p>Шарты: үлкен және кішкентай ойыншықтарды екі топтамаға жинау.</p>	<p>жаттықтыру, олардың жарылып қалуы туралы қасиеті жөнінде ұғымдарын, қолға ұстап көру арқылы қалыптастыру.</p> <p>Құралдар: дорба, дорбаға салынған әртүрлі ойыншықтар мен заттар. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>моторикасын, зейінің, танымы мен байқағыштығын дамыту.</p> <p>"Пішіндер қонаққа шақырады" іс-тәжірибе жаттығуы.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Геометриялық пішіндерді анықтауды, бір-бірінен ажыратуды үйрету. Есту, еске сақтау, ойлау, сөйлеуді дамыту.</p> <p>"Отбасыда" ритмикалық жаттығуы.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды көркемсөздің ырғағына қимылдарды қайталап, орындауға жаттықтыру; отбасы мүшелері жөнінде ұғымдар</p>	<p>таныстыру, қонжықтың қимылдарына еліктеу қабілеттерін дамыту.</p> <p>Шарты: педагог көрсеткен қонжықтың жүрісіне еліктеу, тақпақтың сөздерін қайталау.</p> <p>Қонжық, қонжық, Сылбырсың, ынжық. Маң-маңдап басып, Келесің жылжып.</p> <p>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p>	
--	---	---	---	---	--

	<p>Құралдар: көлемі үлкен және кішкентай ойыншықтар. (сурет салу, сөйлеуді дамыту, құрастыру)</p>		<p>қалыптастыру.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Отбасымда атам бар, топ-топ-топ, аяқ басар (сап түзеп бір орында тұру). - Отбасымда әжем бар, ол тәп-тәтті нан жабар (алақандарды кеуде алдында ішке қарай айналдыру). - Отбасымда әкем бар, тоқ-тоқ-тоқ кілем қағар (жұдырықпен кеудені соққылау) - Отбасымда анам бар, тап-таза қылып еденді жуар (алдыға еңкею). - Отбасымда мен де бармын, тәртіпті бала боламын (алақандарды кеудеге қойып, оң-солға еңкею). (сөйлеуді дамыту, құрастыру) 		
Балалармен жеке	Ермексаздан бір	Әтеш ойыншығымен	Саусақ жаттығуы.	Ойын-имитация.	"Бері шыға ғой,

<p>жұмыс</p>	<p>бөлшегін үзіп немесе жұлып алу жаттығулары. (мүсіндеу)</p>	<p>ойнату. <i>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев "Әтеш" (орыс халқының тақпағы).</i> Тұлымшағы үлпілдек, Жібек сақал желпілдек, Әтеш, әтеш айбарлы, Әдемі алтын айдарлы, Неге ерте тұрасың? Кеңірдегің созасың? Балалардың кішкентай Неге ұйқысын бұзасың? (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>"Мөлдір су". <i>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев "Мөлдір су" (орыс тілінен аударма).</i> Мөлдір су, мөлдір су! Сен менің бетім жу. Отты көзім ойнасын, екі бетім жайнасын. Күлкі кетпей ернімнен, Тісім тастан таймасын! (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>"Қонжық". Қонжық, қонжық, Сылбырсың, ынжық. Маң-маңдап басып, Келесің жылжып. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>қоян!" жаттығуы. Бері шыға ғой, қоян! Сұр құлақтармен ойна! Былай көрсет, Былай көрсет, Сұр құлақтармен ойна! (сөйлеуді дамыту)</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету.</p>				
<p>Серуен</p>	<p>Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</p>				
<p>Серуеннен оралу</p>	<p>Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету.</p>				
<p>Кешкі ас</p>	<p>Тағамның атауын еске сақтау, тағамды ішу рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>				

<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.</p> <p>Қиылған суреттерді тұтас суретке жинау ойындары (2-4 бөлік).</p> <p>Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары.</p> <p>Бауы байланатын ойыншықтармен ойындар.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.</p> <p>Ән салу жаттығулары. Балабақша туралы ән салуға шақыру.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны. “Менің көңілді добым...”</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларға екі аяқпен секіруді үйрету, мәтінді мұқият тыңдау және мәтіннің соңғы сөзі айтылғанда ғана допты қуалау керек.</p> <p>Тыныс алу жаттығуы.</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)</p>	<p>Өңгімелесу: "Балалардың балабақшаға үйренісуінің ерекшеліктері", "2-3 жасар балалардың жас ерекшеліктері", "Ата-ананың баланы балабақшаға әкелуі және алуы кезіндегі әрекеттері".</p>